


С. 4 (2) К 3 45 12 14
К 18 473

КАЗАХСТАН

КАЗАКСТАННЫН

ӘТІ АЛТЫН



26768

АЛТЫН

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
КӨНЕ
АЛТЫНЫ
ДРЕВНЕЕ ЗОЛОТО
КАЗАХСТАНА
THE
ANCIENT GOLD
OF KAZAKHSTAN

ДРЕВНЕЕ ЗОЛОТО
КАЗАХСТАНА
THE
ANCIENT GOLD
OF KAZAKHSTAN



АЛМА-АТА · ӘНЕР · 1983

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨНЕ АЛТЫНЫ

Құрастырушы

К. АҚЫШЕВ

Составитель

К. АКИШЕВ

Compiled by

К. AKISHEV



АЛМАТЫ·ӨНЕР· 1983

Құрастырушы К. АҚЫШЕВ

Мақаланың авторлары К. АҚЫШЕВ, А. АҚЫШЕВ

Ағылшын тіліне аударған О. БЕЛЯЕВА

Фотосуретшілері А. СТРЕБКОВ, В. СТУКАЛОВ, В. СУСЛИН

Көркемдеген

Т. МҰҚАТОВ

Составитель К. АКИШЕВ

Авторы текста К. АКИШЕВ, А. АКИШЕВ

Перевод на английский язык О. БЕЛЯЕВОЙ

Фотографы А. СТРЕБКОВ, В. СТУКАЛОВ, В. СУСЛИН

Оформление

Т. МУКАТОВА

Compiled by К. AKISHEV

Authors of the text К. AKISHEV, А. AKISHEV

Translated into English by О. BELYAYEVA

Photographs by А. STREBKOV, V. STUKALOV, V. SUSLIN

Designed by Т. MUKATOV

026768

Алтын — адамзат алғаш игерген металдардың бірі. Ғаламат пластикалық қасиеті, табиғаттың бұлдіргіш құбылыстарына төзімділігі және әдемі сары түсі оның зергерлік өнердің негізгі материалдарының біріне айналуына мүмкіндік туғызды.

«Мөлдір сары түс, — деп жазды Гете, — табиғатынан жарықтың белгісін танытады және ерекше айқын, ғажайып нәзік әсемдігімен көз қуантады. Жарқыраған таза алтын, сол сары түс, бізге жан дүниені баурап аларлық ғажайып ұғым туғызды»¹.

Алтын — «жылы» металл. Оның түсі мен күңгірт болмысы жасырын келіп жаныңды аялаған күн нұрын сездіргендей болады.

Шығыс халықтары арасында «Дала алтыны не?» деген жұмбақты сұрау болған. Жауабы: Күн шапағы. Адамзат алтынды білгелі бері мыңдаған жылдар өтті. Талай тайпалар мен халықтар өмірге келіп кетті, өнер дүниесінде әр алуан құбылыстар туындап, жоғалып құрып жатты, бірақ адам әрқашан алтын бұйымдардың жарқыраған шұғыласынан күн нұрын сезінді, таң атып, күн батқан сәттегі шапақты көріп келді. Алтынның түсі отқа да теңестірілді. Мұндай түйсінудің ауқымы қай жерде де жан-жақты еді.

Алтын әрдайым жақсылықтың нышаны ретінде ұғынылып келді, мәселен, адам біреуді жақсы көргенде «алтыным» дейді, жарқыраған, құлпырған нәрсені «алтындай жарқырайды» деген теңеу айтады. Мұндай теңеу әлемдегі көптеген халықтардың тілінде бар².

Бұл металдың аса маңызды қасиеті — оның ешқашан бүлін-

бейтіндігінде. Бұдан талай дәуір бұрын жасалған көркем бұйымдар сол баяғы алғашқы қалпын әлі күнге дейін сақтап келеді.

Қазақстан территориясынан табылған алтыннан жасалған заттардың молдығы бұл өңірде ерте заманнан бастап-ақ асыл металл өндіріліп келе жатқандығын дәлелдейді. Шығыс және Орталық Қазақстаннан, Жетісудың шығысынан (Жоңғар Алатауы өңірінде) ежелгі заманда жасалған алтын бұйымдар табылды³. Қазақстандағы өзендердің жағасын қазып жатқан «Алтайзолото» кәсіпорындарының қазаншұңқырларынан асыл металл түйіршіктерімен бірге қола дәуірінде жасалған (Біздің дәуірімізге дейінгі 2 мың жылдық) қола құралдар, сәндік әшекейлер мен қола дәуіріндегі алтын іздеушілердің құралдары табылып жатыр.

Альбомда Қазақстан жеріндегі ежелгі және Орта ғасырлардағы шеберлердің Мемлекеттік Эрмижада*, Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінде және Қазақстанның Мемлекеттік орталық музейінде сақталған бұйымдар жарияланып отыр.

Ең көне ескерткіштердің арасынан альбомға қола дәуірдегі андрон мәдениетіне жататын алтын бұйымдар берілді. Олар Қазақстан территориясында біздің дәуірімізге дейінгі XVI—XIV ғасырлардың өзінде-ақ зергерлік өнер пайда болғандығын дәлелдейді.

Ол бұйымдар көп емес және олар біршама жасауы мол зираттардан табылды. Демек, сол кездің өзінде-ақ алтыннан жасалған заттар дәулетті адамдардың қолында болған деуімізге дәлел бар. Индоирандықтар кезінде алтын адамның қоғамдағы жағдайын (варне немесе паштра) анықтағаны белгілі, ал ертедегі мемлекеттік құрылыстың алғашқы формасы пайда болған соң, алтын патшалық құрушылар әулетінің құдіретін танытатын белгі саналған. Бір айта кететін жағдай үнділік «варна», «ирандық «паштра» деген терминдер «түс» деген сөз. Алтын әшекеймен бірге жауынгерлердің қызыл түсті киімі де адамның шыққан тегін айқындайтын белгі болған. Мамандардың болжамы бойынша, мұндай символика қола дәуірінің өзінде-ақ болған⁴.

Андрондық сәндік әшекейлердің арасынан ең көп кездесетіні

* Авторлар Мемлекеттік Эрмижадағы алтын бұйымдар коллекциясын суретке түсіруге көмектескені үшін М. П. Завитухина мен И. П. Засецкаяға алғыс айтады.

екі ұшы иіліп қосылған дөңгелек сырға. Ондай сырғалар мыс сымнан жасалған. Мыс сым күдерімен ысып жалтыратылып, жұқа алтынмен қапталатын болған. Мұндай тәсіл қымбат металды үнемдеуге мүмкіндік туғызған. Алтынмен қаптау кейін көшпенділер өнерінде қолданылған.

Қазақстандағы зираттардан ерекше жасалған сырғалар табылды. Олардың бір ұшы жалпақ үш бұрышты болып келеді де, екінші жағы сүйірленіп жасалған. Мұндай сырғалар кеңінен тараған және олар тек андрондық зираттардан ғана емес, қола дәуіріндегі Орта Азия мен Сибирьде өркендеген мәдениеттің басқа археологиялық ескерткіштерінен де табылды.

Жіңішке пластинадан иіп жасаған бір жарым оралымды сырғалар мен алқалар да андрон мәдениетін кеңінен айқындайды және сол мәдениеттің археологиялық символы саналады. Олардың арасында таза алтыннан жасалған заттар аз, көбісі алтынмен қапталған мыс сырғалар. Ол сырғалар өте қарапайым әрі форма жағынан да тым көзге ұрарлық ештеңесі жоқ.

Пышақтың қыны, түйреуіш, пластина сияқты бірсыпыра алтын бұйымдарда геометриялық ойма өнерінің мотивтері кездеседі. Меандрлық өрнектер, үш бұрыштар әшекейі — андрон керамикасына тән нәрселер.

Алакөлдегі Айбас-Дарасы (Орталық Қазақстан) зиратынан табылған алтын білезік — сирек кездесетін дүние⁵.

Қазіргі күнге дейін оның екі бөлігі — жұқартылған алтынмен қапталған қалың, сәл жалпақталған түтікшелер сақталған. Олардың біреуінің ұшына үш бұрышталып жасалған әсем өрнекті дөңгелек бекіткіш дәнекерленген. Білезіктің осы бөлігінің астыңғы жағына да дәл әлгіндей ою-өрнек салған. Ал, білезіктің екінші бөлігі жіңішкелеу және оған ою-өрнек те салынбаған. Сөз жоқ, бұл білезік болмысы жағынан кеудеге тағатын түтікті шағын әшекейге өте ұқсас дүние, кейініректе ол әшекей Евразияның сак-скифтер әлемінде кең тараған. Есік қорғанынан (біздің дәуірімізге дейінгі V—IV ғасырлар) табылған күміс әшекей соның дәлелі.

1980 жылы Жетісу шығысындағы Мыңшұңқыр зиратынан табылған екі алтын сырға карасук мәдениетіне жатады, ол мәдениеттің орта азиялық мәдениеттен тарағыны белгілі. Сол сырғалардың

біреуіне алтын жалатылған, оның андрондық дөңгелек сырғалардан еш айырмашылығы жоқ. Түр жағынан ерекше болып құйылған екіншісінің өте қолайлы да әдемі бекіткіші бар. Дөңгелек сырғаның ортасына бірінің артында бірі тұрған екі ат бейнеленген. Бұл бейнелер бір ізге түскен стиль бойынша қалыпты әдіспен жасалған. Аттардың әр мүшесі әсірелей салынғаны көрініп-ақ тұр: қалыптан тыс жуан мойны мен қақ айырыла төгілген жалы, кең танауы, сәл ғана төмен қарап қалған үлкен дөңгелек көз қалыпты бір тәсілді танытады. Бұл бейнелер тегі жұмсақ тасқа ойылып салынған да, кейіннен әрі қарай жетілдірілмеген болуы керек. Стильдік жағынан олар қола қанжардың сабына салынған аттардың (Кама мен Волга бойындағы сеймин-тубин мәдениеті — олар да карасук мәдениетіне жатады) бейнелеріне өте ұқсас және Забайкальядағы карасук мәдениетінен туындаған аң бейнелеріне жақын. Бірақ біз сөз етіп отырған сырғалардағы жануарлар бейнелеріне керемет ұқсастықты Орталық Азиядан табылған ескерткіштерден көруге болады. Онда жануарлар бейнеленген сырғалар мен сақиналар «бұғы тастарына» қашалып жасалған⁶. Мұндай тәсіл Таяу Шығыста біздің дәуірімізге дейінгі III мың жылдықтан бастап белгілі («керкук» сияқты баспа өрнектері), бұл тәсіл ол жақта біздің дәуірімізге дейінгі II—I мың жылдықтарда да сақталды (Луристан, Загрос ж. т. б.)⁷.

Жетісудан табылған сырғалар, тегінде «бұғы тастарының» көбісі сияқты, сактар заманынан бұрынғы біздің дәуірімізге дейінгі XII—X ғасырларда жасалса керек. Бір атап өтетін нәрсе — «бұғы» бейнелері қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстаннан (Қаратау, Ақсу-Жабағылы, Жоңғар Алатауы) табылуда. Көптеген белгілеріне қарағанда, Қола дәуіріндегі «бұғы тастар» стилі сактарға ауысқан да, оның алғашқы туындыларына әсер еткен. Бұл сырғаларға ұқсас Таяу Шығыстағы дүниелер карасук және оған жақын мәдениеттердің батыспен байланысты болғандығын аңғартады. Жетісу сырғасы — әзірге карасук хайуанат стилінің алтынмен жасалған ең тартымды ескерткіші. Ол хайуанат стиліне жататын скиф-сак өнерінің бастау көзін анықтауда өз ролін атқаруы мүмкін. Екі аттың бейнелеу мотиві кейіннен скиф-сактың және басқа да индоирандық халықтар өнерінің бүкіл тарихынан берік орын алды.

Ол орта ғасырларда да, одан кейін де қолданылып, барлық жерде жарық дүниелік символға айналды да, оның өзі тәңір егіздері деген діни ұғыммен байланыстырылды⁸.

Сонымен, археологиялық деректерге қарағанда, Қазақстан территориясында зергерлік өнер біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықтың екінші жартысында пайда болған. Орталық Қазақстан білезігі мен Жетісу сырғасының жасалу техникасының жоғарылығына қарағанда, бұл өнер сол кездің өзінде-ақ айтарлықтай дамыған деуге болады.

Қазір Европа территориясынан скиф-сактардың хайуанат стилімен жасалған тамаша өнер туындылары табылып жатқаны табиғи заңды құбылысқа айналып отыр, ондай ескерткіштер қатарына мамандарды таң-тамаша етіп, қайран қалдырып келе жатқан «Есік» қорғанынан табылған «алтын киімді адам», Украинадағы Қалың моладан қазылып алынған Пектороль, Ауғанстандағы Толля төбеден шыққан Кушан патшаларының қазынасы жатады.

Азияда қалыптасуына сак тайпалары зор әсер еткен скиф-сибирьлік хайуанат стилі — өнер тарихындағы ерекше құбылыс, XVII—XIX ғасырларда Батыс Сибирьдегі «таңғажайып зираттардан» табылған сактардың көптеген мәдени ескерткіштері қазір Петр I-нің Сибирь коллекциясы ретінде белгілі. Олар әуелде Кунсткамераға түскен, содан соң Мемлекеттік Эрмитажға тапсырылған. Анықтауыш белгілері мен жасалу мерзіміне қарағанда олар ертедегі көшпенділер өнерінің ескерткіштері ретінде танылып отыр. Көшпенділер деген жалпы ұғымға сактар ғана емес, оған савроматтар, сарматтар, үйсіндер, ғұндар жатады.

Біздің дәуірімізге дейінгі VII—III ғасырлардағы сак, савромат және скиф одақтастығының саяси ымыралылығы скиф-сибирьлік хайуанат стилінің гүлденуіне себепші болды. Ежелгі сак суретшілері сүйенген хайуанат образдарының триадасы (құс-тұяқты жануар — жыртқыш) бейбітшілік қоғам құрылысының салтанаты идеясын паш етті.

Сактардың ертедегі өнеріне Түгіскен, Ұйғарақ, Біже, Аржан қорғандарынан табылған қола бұйымдар жатқызылып келді. Ол бұйымдар Луристан торевтикасымен, карасук, ертедегі тағар мәдениетімен және кейбір жағдайларда Жетісу, Алтай, Монғолия

өңірлеріндегі сактарға дейінгі дәуірде салынған сурет өнерімен тығыз байланыс болғандығын танытты. Олар, негізінен алғанда, алтыннан жасалған бедер нұсқасы ғана аңғарылатын немесе жұқа рельефтік алтын бұйымдардан едәуір айырмашылығы бар, құйылып жасалған дүниелер.

Орталық Қазақстаннан табылған пышақтың қынындағы төрт қабыланның бейнелері ерекше көңіл аударарлықтай. Стильдік жағынан олар Қытай мен Монғолиядан Қара теңіз жағалауына дейінгі территориядан табылған басқа да қабыландардың бейнесіне ұқсас. Қабыланның денесі доп-домалақ болып жиырылып қалған, басы керемет үлкен, көзі мен құлағы дөңгелек, құйрығы иіріліп барып шеңбер құрап жатыр. Тұтас алғанда — бітімі дөңгелек, жұмыр. Бұл бейнелерді біздің дәуірімізге дейінгі VI—V ғасырларға жатқызуға болады.

Шілікті аңғарындағы (Шығыс Қазақстан) қорғандарды қазған кезде С. Черников біздің дәуірімізге дейінгі VII—VI ғасырларда жасалған алтын әшекей бұйымдардың мол қазынасын тапты⁹. Негізінен алғанда, олар — сәнді киімдер мен қару-жарақ.

Шіліктіден табылған олжа қазынаның көпшілігі алтынның жұқа қабыршағынан шеберлікпен ойып жасалған бейнелер («ұзын аяқты» қабандар, ромбыға ұқсас әшекейлер). Олар матаға немесе ағашқа жапсырылған. Қабандардың үлкендігі әр алуан, бірақ бірдей тәсілмен бейнеленген. Тұрпаттары өте ықшамды. Бұл бейнелер жартастағы кейбір жазуларды, тіпті палеолит өрнектерін, еске түсіреді. Азу тіс пен тамшыдай ғана көз болымсыз сызықша арқылы көрсетілген. Шіліктіден табылған алуан түрлі бейнелер сол кездің өзінде барынша мәнерлі образдар мен әшекейлі мотивтердің дүниеге келгенін көрсетеді.

Жатқан бұғының қаңылтырға түсірілген рельефтік бейнелері ғажайып әдемі. Олар да матаға немесе теріге жапсырылатын болған. Бір қызығы бұғының құлағы бөлек жасалған әрі әсем таспен, пастамен безендірілген. Шілікті қазынасынан полихромдық стильге ұмтылушылық байқалады. Мүйізінің жасалуы жағынан бұл бұғылар «бұғы тастардағы» бейнелерге ұқсас. Киелі бұғы образы неолит дәуірінде Қазақстан, Сибирь, Орталық және Алдыңғы Азияны мекендеген халықтардың ескерткіштерінен (біздің

дәуірімізге дейінгі 2 мың жылдық) белгілі. Осыған байланысты сак өнеріндегі бұғы образын жасау трактовкасында жергілікті дәстүрлер Таяу Шығыстан ауысқан белгілермен табиғи қабысқандығын атап айтуға болады. Бүкіл скиф-сак әлемінде алтын бұғы күннің және туындап, тозып құрып жатқан табиғаттың символы, ал оның мүйізі өткінші өмірдің діңгек тірегі іспетті болып сипатталды.

Шіліктіден табылған бейнелер жиынтығындағы қыран мен жиырылған қабылан бейнесіндегі әшекейлерге дамыған скиф өнерінде толып жатқан ұқсас дүниелер бар. Тамшы сияқты болып жасалған су мен жеміс символы саналатын балық бейнесі ғажайып дүние. Тұтастай алғанда, Шіліктіден табылған хайуанаттық символдық образдар әр алуан мифологиядағы дүние бөлінісіне сәйкес келеді. Құс — жоғары жақ, аспан; жыртқыш және жыртқыш емес аңдар — орта тұс; жылан, балық — төменгі жақ; су — образдық символика міне осылай бейнеленген. Мемлекеттік құрылыс дами бастаған соң сактарда мұндай символика жаңа ұғымға ие болып, өктемдіктің белгісін танытатын болды.

Алматы маңындағы «Есік» қорғанынан табылған «алтын адамның» бас киіміндегі үш түрлі композиция жоғарыда айтқан пікіріміздің айқын мысалы бола алады. Қорғанға осы уақытқа дейін ешкім тимегендіктен ертедегі көшпенділер өктемдігі символын анықтауға мүмкіншілік туды.

«Есік» көсемі сән-салтанатты киіммен жерленген. Оның үстіне кигені жұқа жібек көйлек, қысқа камзол, қызыл күдеріден тігілген шалбар, өкшесі жоқ ұзын қонышты етік. Камзолына фантастикалық бұғы мен бұлан басы тәрізді әшекей тігілген. Көсемнің басына кигені үш шабаталы шошақ бөрік. Персеполь сатысындағы рельефте сактардың ақсүйектері — «шошақ бөрікті сактар» дәл осындай бас киіммен бейнеленген. Мойнына жолбарыстың басына ұқсаған ұштығы бар үш оралған әшекей таққан. Оң қолының саусақтарында екі жүзік: біреуінің айналы қалқаншасы бар; екіншісінің бетіне тәж киіп, қырынан тұрған адамның бейнесі салынған. Мүрденің сол иығының тұсында алтын ұштығы бар символикалық аса таяқ пен алтын лентамен оралған қамшы жатқан. Оң жағында, қызыл бояумен боялған ағаш қынның ішінде, салт

атты жауынгердің қаруы — алмас қылыш, сол жақ қынына жанталасқан бұлан мен жылқының бейнесі салынған, болат қанжар. Оның екі басты жыртқыш құсқа ұқсаған сабы алтынмен апталған, ал жүзі әр алуан хайуанаттардың бейнесі салынған алтын пластиналармен безендірілген. Қарулардың түрлеріне қарағанда, «Есік» қорғанын біздің дәуірімізге дейінгі V—IV ғасырлардағы сактар заманына жатқызуға болады¹⁰.

Ескерткіштің бүлінбей аман сақталғандығы көсемнің киімдері мен жасау-жабдығын бастапқы қалпынан айнытпай қайта жаңғыртуға мүмкіндік туғызды. Камзолға үш жапырақты өсімдіктер мен жолбарыстың басы сияқты алтын әшекейлер тұтастырыла тігілген. Әшекейлер алтын қабыршағынан ойылып, қызыл күдеріге құрақ сияқты болып тігіледі немесе жапсырылады. Әшекейлердің қызыл фонда ырғақтылықпен алмасуы нәзік өрнек туғызады. Бас киім барыс, жолбарыс, мүйізді және қанатты аттар, құс, арқар сияқты әшекейлер мен өмір тірегі тау бейнеленген пластиналармен, т. б. өрнектермен безендірілген.

Киім-кешек пен қару-жарақ аса салтанатты асыл дүниелерден жасалғанмен, амалсыз, әдейі далдалу тәсіліне барғандықты аңғармауға болмайды. Асыл металл мол жұмсалған деген ұғым жаңсақтыққа соқтырады: жануарлардың мүсіндік бейнелері қола мен ағаштан жасалған да, өте жұқа алтынмен қапталған, көзге үлкен болып көрінетін түтікшелі әшекейдің іші қуыс.

Есік қорғанынан табылған алтын әшекейлер әр алуан тәсілмен жасалған: соғу, штамптау, ою, балқыту, соғып алтындау, жалтырату, әсем түйіршектермен және пастамен безендіру т. б. тәсілдері қолданылған.

Есіктен табылған аң бейнесіндегі ірі әшекейлердің көпшілігі жұқа рельефпен жасалған. Көз, қабырға, бұлшық еттің ширығуы ойылған нүкте, сопақша белгі, жақша, үтір, образды сызықтар сияқты белгілермен бейнеленген, мұндай тәсіл, Ассирия мен Ахменидтік Иранның жазық рельефтік және сызықтық бейнелерінде жиі қолданылған.

Есік шеберлері аңдарды жасағанда қырынан көрінетін бейнелерді мәнерлі сызықтармен көмкеріп, түр өзгертіп отыруға ден қойды. Айбат шегіп жатқан барыстың, жолбарыстың, құзғын құстың (бас

киімдегі әшекейлері), бұлан мен жылқының (қанжар қынының түбі) денелері жанталаса шиыршық атқан кейіпте бейнеленген.

Жануарлардың осынау ерекше бейнелері мысық тектес жыртқыштарды (арыстанды) қаһарманмен немесе тәңірімен алыстырып қойған ежелгі месопетамиялық трактовкамен байланысты дүниелер шығар.

Қанжар үлкен бір шеберлікпен безендірілген. Оның қанағарына бірінің соңынан бірі шұбырған қабандардың, барыстардың (жолбарыстардың), қояндардың, тау ешкілердің, қасқырлардың, ақбөкендердің, жайрандардың, арқарлардың, түлкілердің, жыландардың бейнелері бар алтын пластиналар орнатылған. Хайуанаттар жер тырмалаған кейіпте бейнеленген, мұның өзі бұл қанжарды Орал бойындағы савроматтар ескерткіштерімен жақындастыра түседі, ал савроматтарға Оңтүстік Сибирь мен Қазақстан көшпенділері өнерінің ықпалы тиген еді. Бұл орайда, тегі Алдыңғы азиялықтар мен ежелгі дүние өнеріне тән хайуанаттар композициясын сақтар өздерінің ұғымына лайықтап қайта жаңғыртқан сияқты. Бейнелер тым кішкентай болғандықтан оларды жасаған шебер хайуанаттардың көзге бірден түсетін белгілеріне баса назар аударған, көзді, құлақты, мүйізді, тұяқты, тырнақты әсірелеп көрсеткен. Композиция ырғағын баса көрсету үшін жануарлар денесінің шығыңқы жерлері айқынырақ бейнеленген — екі жауырынның ортасы мен сауырына тамшы сияқты белгілер жапсырылған.

«Есік» қорғанынан табылған дөңгелек скульптура техникасымен жасалған жануарлар бейнелері (қанатты және мүйізді аттар, құс, шошақ бөріктегі арқар қанжардың сабындағы құлақты құзғын құс), жазық рельефті бейнелерге қарағанда, өте шынайы жасалған.

«Есікте» қызыл және қара бояулармен боялған алтын әшекейлер кездесті. Олар бас киімнің жебе сияқты сорайған пластиналары. Сол сияқты, ірі дәндей бір шоқ әшекейі және көгілдір моншақ тастың ақығы бар сырға да табылды.

«Есік» қорғанындағы сак комплексі ең жоғары бағаға лайықты, басқаға ұқсамайтын кемел өнерді аңғартады. Бір ескеретін жай — табылған олжаның біршамасы Жетісу үшін жаңалық емес. Мәселен, көп жағдайда тонаушылыққа ұшыраған Есік, Талғар және басқа да қорғандардан жекелеген алтын бұйымдар табылды, олар-

дың кейбіреулері «Есік» қорғанынан табылған қазыналарға ұқсас, кейбіреулері біздің жетісулық сактар жөніндегі ұғымымызды кеңейте түсетін жаңа деректер береді.

Әсем түйіршіктер мен пастадан жасалған моншақтардан, ақықтан және басқа металдардан құралған, шашағы бар, алтын сымнан иілген толып жатқан сырғалар осындай, түп жағы жанталасқан фантастикалық хайуанатқа ұқсаған түйреуіш, жалпы көрінісі алтынмен апталған темір әбзел ерекше көз тартады. Осындай заттардың бәрі жасауы бай «патша» зиратынан табылды.

Біздің дәуірімізге дейінгі III—II ғасырларда «хайуанат стилінің» орнын безендіру стилі басты. «Хайуанат стилінде» шектен шықпай барынша жұпыны қолданылатын түрлі түсті әшекейлер (көгілдір ақық, паста, қызыл тастар) кең тарай бастады. Безендіру стилімен жасалған алтын бұйымдар Қазақстанның үш зираттық комплексінен табылды, олар, жалпы, біздің дәуірімізге дейінгі III—I ғасырлар шамасына жатқызылады. «Теңлік» қорғанынан табылған киім әшекейлері (біздің дәуірімізге дейінгі III—II ғасырлар), Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Тұздақ өңірінен табылған екі білезік пен Жетісудағы Қарғалы шатқалының олжасы — абыз әшекейі (біздің дәуірімізге дейінгі II—I ғасырлар) безендіру стилінің айтулы туындылары.

«Теңліктен» табылған олжаның ерекше көңіл аударатыны — бетіне салт аттының бейнесі салынған көлбеу төрт бұрышты әшекей, шамасы ол киімге тағуға арналған болуы керек. Салт атты сактарша киінген, басында матадан тігілген шошақ бөрік, жадағайын жел желбіретіп тұр. Астындағы атының жалы күзелген, кекілі түюлі, тізесі бүгілген. Жүген, айылбас, ауыздық, сағалдырық бейнеленген. Салт атты образының бастауы анықталған жоқ. Мұндай бейнелер біздің дәуірімізге дейінгі 2 мың жылдықтың аяғынан бастап Таяу Шығыс пен Кіші Азияда белгілі болатын. Стилдік жағынан Теңлік әшекейлері Петр I-нің Сибирь коллекциясындағы (жанрлық композициялар), Пазырық қорғанындағы (кілем) және грек-бактрий өнеріне жататын ескерткіштердің ою-өрнектерімен үндесіп жатыр¹¹. Негізінде салт аттының образы эллиндердің кейінгі кездегі өнеріне тән болды, әрі барлық жерде ондай образ тәңірідей табынатын қаһарманға лайық деп ұғынылды.

«Теңдік» қорғанынан табылған, жұқартылған металдан ойылған, тігуге арналған тесігі бар құйма әшекейлерде өсімдік мотивтері бар (жапырақты және шоқ гүлді, желі... тартатын өсімдіктер). Әсіресе гүл жарған «иілген сабақтар» мотиві ерекше көңіл аударарлықтай, дәл сондай ою-өрнектер эллиндік (грек-бактрийлік, үнді-гректік, парфияндық) өнерде де бар. «Теңлік» әшекейлеріндегі басқа мотивтердің көпшілігі, соңғы деректерге қарағанда, Пазырық өнеріне үндесіп жататын алтайлық қорғандар Берель, Шебе, Қотанды ескерткіштері мен Орта Азияның эллиндік өнеріндегі ою-өрнектермен тәркіндес¹². Кейбір бұйымдар, әсіресе қара және қызыл бояулармен боялған заттар, «Есік» қорғанынан табылған олжаларға ұқсайды.

«Теңлік» бұйымдарымен «Тұздақ» білезіктері бір мезгілде жасалуы мүмкін. Сол білезіктердің құйылып жасалған біреуі ебедейсіз созылған фантастикалық қасқыр бейнесін аңғартады, оның арқасына құбыжық бастардың тізбегі салынған. Бұл білезік сияқты дүниелер Амудария қазынасы мен Петр I-нің Сибирь коллекциясындағы ескерткіштерде бар және ол білезік біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдан ерте жасалмағаны анық белгілі болып отыр. Екінші бір шарнирлі, кішкентай білезікте денесі бүгілген екі жылқы бейнеленген. Дөңгелек және үш бұрышты ойықшаларға түрлі түсті тастар орнатылған. Ғұн-сармат дәуіріне жататын мұндай бұйымдар Петр I-нің Сибирь коллекциясында да бар және ондай дүниелер ертедегі кушан дәуірінен мұра болып қалған кейбір ескерткіштер арасынан да кездеседі.

Безендіру стилімен жасалған ерекше көңіл аударарлық комплекс 1939 жылы Алматы маңындағы Қарғалы шатқалынан табылды. Ол талай рет баспа жүзінде жарияланып, өз еліміз бен шетелдерде талдап, түсіндірілді. Біздіңше, бұл комплекске ең дұрыс талдау жасаған А. Н. Бернштам. Ол Қарғалыда Үйсін бақсы әйелінің зираты табылды деп есептеді. А. Н. Бернштам «Қарғалы сәукелесі» деп аталатын образдарды түркі-монғол мифологиясы мен эпосы негізінде түсіндірді. Оның ойынша, ескерткіштің композициясында қайталанбас жергілікті хань және грек-бактрийлік бағыттарының алуан түрі үйлесім тапқан, мұның өзі үйсіндер өнерінің болмысын танытады. Басқа бір болжам бойынша, диадема

композициясы даостық діни ұғымнан немесе ежелгі иран аңыздарынан туындаған.

Диадемада қытай өнеріне тән (аждаһа, асқартау, шұбырған бұлт) образ мотивтерімен бірге сак өнеріне бейім (фантастикалық жолбарыстар, қабан, тау ешкі) бейнелері де кездеседі. Кезінде М. Ростовцев, Карлгрен және Лауфер» дәлелдегеніндей, Чжань (біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасыр) және ертедегі Хань (біздің дәуірімізге дейінгі II—I ғасырлар) кезеңдеріндегі қытайлардың өнеріне эллиндер мен көшпенділер қатты ықпал еткен, бұл жай олардың өнеріндегі образдар мен мотивтерді қытайлардың кеңінен пайдалануына әсер етті.

Осыған қарағанда, Қарғалы диадемасын (оның екі бөлігі сақталған) жергілікті шебер Хань өнері дәстүрімен жасаған деп тұжырымдауға болады.

Лу коллекциясындағы Хань өнері ескерткіштеріне ұқсастығына байланысты Қарғалы комплексін А. Н. Бернштам I—III ғасырларға жатқызады¹³. Бірақ сәукеленің композициясы I—III ғасырлардан анағұрлым ертеде жасалған дүниелерге — мәселен: біздің дәуірімізге дейінгі II—I ғасырларға жататын. Таксиль қазыналарына, Петр I-нің Сибирь коллекциясындағы ескерткіштерге ұқсас. Сондықтан бүкіл Қарғалы комплексін тұтастай алғанда, А. Н. Бернштам болжамынан неғұрлым ерте кезге, яғни, біздің дәуірімізге дейінгі II—I ғасырларға жатқызуға болады.

Қарғалы қазынасындағы басқа әшекей заттар: қанатты тау ешкілер бейнесіндегі және басқа да фигуралы әшекейлер сияқты дүниелер дамыған сак өнерінен де, әсіресе Сибирь коллекциясы мен Арал бойынан табылған бұйымдардың арасынан да кездеседі.

Сактардың Орталық Азиядағы байланыстары арқасында кеңірек дамыған безендіру стилі Қазақстанды мекендеген халықтардың өнерінде полихромдық стильдің тарауына негіз болды. Соңғы стиль бұл өңірге III—V ғасырларда тарады.

Полихромдық стиль ескерткіштері арасынан екі топ ерекше көзге түседі, олардың әрқайсысының мынадай белгілері бар:

— бірінші топқа жататын заттарда, дәнекерлеп жасалған ұяларға түрлі түсті (қызыл, қызғылт) тастар орнатылады, әсем түйіршіктер мен жалтыраған сымнан өрнектер жасалады;

— екінші топтағыларда фон болмайды және дәнекерленіп жасалған қоршауларға асыл тастар орнатылады¹⁴.

Негізінде, ғұн дәстүрлері басым болатын бірінші топтағы бұйымдарға: сәукеле, шекелік, жүзік, сырға, белдік бастар және басқа да заттар жатады. Екінші топтағы қоршамалы безендіру бұйымдары — білезік, белдік, қын, қылыштың сабы, қыстырғыш, тағы басқалар.

Қазақстан территориясынан табылып жатқан полихром стиліндегі бұйымдар жыл өткен сайын көбеюде, қазір олар Қара теңіз жағалауынан табылған қазыналардың санына жақындады. Осы стильге өте тән зат — шекеліктердің Қазақстан мен көрші Қырғызстаннан табылғаны оннан асады.

Қазба жұмыстары жуырда ғана қауырт жүргізіле бастаған Лебедевқадағы Сармат бейітінен табылған полихромдық заттардың шетелден ауысқаны сөзсіз. Олжалардың ішінде ерте кезде Римнен келген шыны құты, тағы басқа бұйымдар бар, ал ойық өрнектері және әсем белдікшелері бар, бетіне құстар мен ешкілердің бейнесі салынған алтын жалатылған қалқаншаларды Таяу Шығыс шеберлері XII—XIV ғасырларда жасауы ықтимал. Лебедевқадан табылған үлкен жүзік қоңырқай-қызғылт түсті асыл тастармен безендірілген, ол тастар тұрған ойықтар әсем түйіршіктермен көмкерілген, тегінде, бұл жүзік Қара теңіз бойында немесе Орта Азияда жасалғаны сөзсіз.

Өте көп полихромдық әр алуан заттар ойда жоқта 1928 жылы Бурабай көлінің маңындағы бейіттен табылды. Оларды А. Н. Бернштам мен И. П. Засецкая баспа жүзінде жариялады¹⁵. Осы қазынадағы әшекейлер, көмкермелер, ұштықтар, медальондар қоршаулы безендіру немесе дәнекерленген ұядағы безендіру болсын әсем түйіршіктермен ғажайып көркемделген. Дөңес немесе жазық формада әсем қырланып жасалған асыл тастар ұяларға қара маймен бекітілген.

Ақмола уезінің Қара ағаш шатқалындағы бейіттен табылған мүйізді аждаһаның басына ұқсаған ұштығы бар күміс әшекей (Козырев қазбалары, 1904 жыл)¹⁶ көңіл аударарлық дүние, оған дөңгелек асыл тастар орнатылған, үш бұрышты және түйіршіктерден құралған шоқ-шоқ гүлді өрнектері бар.

Жетісудан табылған олжалардың арасында әр алуан сырғалар мен шекеліктер бар. Ақтастыдағы бейіттен шыққан шекеліктер ғажайып дүниелер. Олар үш бұрышты және дөңгелек қан қызыл түсті асыл тастармен, әсем пирамида сияқты болып құралған өрнектермен әшекейленген. Бұл шекеліктер Алматы облысы Кеген ауданының Қурайлы шатқалындағы ақсүйек әйелдің бейітінен табылды. Бұл ескерткіш үйсіндердің соңғы кезеңіне (III—V ғасырлар) жатады, одан табылған шекеліктер — ғұн дәуіріндегі полихромдық стиль туындыларының ең таңдаулысы.

Осындай шекеліктердің түрлі түсті пасталы қарапайымдау түрі Отрар алқабындағы Қаңлы дәуіріне жататын Көк мардан (осы аттас қаланың маңында) бейіттерінің бірінен табылды. (Шымкент облысы). Сол арадан шыны мен пастадан әшекейі бар полихромдық мыс бұйымдар шықты. Бұл бұйымдар полихромдық стильдің орта ғасырлардың бас кезінде Сырдария бойына салынған қалаларда зергерлік өнердің дамуына әсер еткендігін аңғартады. Қызыл қайнар төбе қаласынан күміс әшекей, алтын бау, сырғалар табылды. Бұл қазыналар зергерлік полихромдық бұйымдар жасау орталығына айналған орта азиялық қалалар болғандығын дәлелдейді.

Біраз бөлігі полихромдық стильмен жасалған алтын заттар коллекциясы 1915 жылы ойда жоқта Маңғышлақ облысындағы Батыр көлі маңындағы үңгірден табылды. Коллекция арасынан құртақандай құты мен сапты аяқ шықты. Цилиндр сияқты болып жасалған құтының бүйірі мен қақпағына шығыршық тұтқалар дәнекерленген. Төбесі ою-өрнекті белдеушелермен және жолақшалармен безендірілген. Цилиндр тәрізді сапты аяқтың сыртында токарлық станокпен қысып өңдеген кезде түсіп қалған жіңішке көлбеу сызықтар көрінеді.

Кенептен ызылып, сырты қызыл жібекпен көмкерілген байламшаның тысына дөңестеп жасаған ілмекшелі алтын әшекейлер тағылған.

Батыр көлінің маңынан табылған заттардың арасынан шыққан қылыштың немесе қанжардың алтынмен көмкерілген хрусталь түбі полихромдық стильмен жасалған, көмкерменің ойықтарында қызғылт-қоңыр асыл тас пен түрлі түсті шыныдан безеністер бар.

Осы коллекциядағы екі сырға да ерекше назар аударады. Әр сырға ағытпалы бауы бар шеңберден, асыл тас дәнекерленген екі алтын пластинадан және інжу-маржаннан, алтын шарлардан құралған төрт алқадан тұрады. Боспор мен Кавказдан табылған ескерткіштерге толып жатқан ұқсастықтарына байланысты К. М. Скалон Батыр коллекциясы дәуіріміздің III ғасырында жасалған деп тұжырымдады¹⁷.

Альбомда кейінгі дәуірдегі көшпенділердің өнерін Жетісудан табылған алтын бұйымдардың шағын коллекциясы паш етеді. 1980 жылдың көктемінде Алматы облысындағы Шеңгелді поселкесінің шетінде жер қазу жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде орта ғасырларға жататын қазыналы зират ашылды. Мұндай жағдайда, әдетте бола беретініндей, зират бұзылып, бүлдірілген, ондаған ескерткіштердің шамалы бөлігі ғана аман сақталып қалды. Түсініксіз, шырмау сияқты, екі үлкен әрі нәзік әшекейлер табылды, бүйірінде шашақ-бау ілуге арналған сопақша тұтқасы бар. Әшекейлер қалыптан шыққан соң оюланған. Олар екі жартыдан дәнекерленіп көрінеді. Сыртқы жағында қыстыруға арналған екі ілмекше бар. Белдіктер осындай әшекейлермен бірге розеткаға ұқсаған түймеліктермен де безендірілген. Біз сөз етіп отырған зираттан жұқартылған алтыннан ойып жасаған аждаһа бейнесі де табылды. Зиратқа алтын мен күмістен құйылған ыдыс қойылған, оның ою-өрнекті (Лотос гүлі, майысқан сабақ, бұлт) әдемі иілген тұтқасы бар. Зираттағы одан басқа заттар да көңіл аударарлық. Алтын мен күмістен құйылған ыдыс, тегінде, ағаш қалыпқа құйылса керек. Шеңгелдіден табылған қазына XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырда жасалғаны белгілі болып отыр.

Альбомға енгізілген ескерткіштер — Қазақстан алтын бұйымдарының бір бөлігі ғана, бірақ соның өзі де Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар мен халықтардың әлемдік өнер қазынасына үлкен үлес қосқандығы туралы мағлұмат береді. Республикада кеңінен жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулер нәтижесінде іс жүзінде ежелгі дүние ескерткіштері жыл сайын ашылуда, сондықтан да ескерткіштер коллекциясы одан әрі молая беретіндігі кәміл.

К. Ақышев, А. Ақышев

Золото — один из первых металлов, освоенных человечеством. Высокая пластичность, красивый желтый цвет сделали его одним из основных материалов для ювелирного искусства. «В своей высшей чистоте, — писал И.-В. Гете, — желтый всегда обладает светлой природой и отличается ясностью, веселостью и мягкой прелестью. Золото в совершенно чистом виде дает нам, особенно если еще присоединяется блеск, новое и высокое представление об этом цвете»¹.

Золото—теплый металл. Его цвет и матовая фактура создают ощущение скрытой солнечной энергии. Есть восточная загадка: что такое золото в степи? Ответ: заход солнца. С тех пор, как человечество узнало золото, миновали тысячелетия. Сменялись племена и народы, рождались и угасали в искусстве различные стили, но всегда в блеске золотых изделий люди видели отсвет лучей солнца, его восходы и закаты. Золото и его цвет связывались и с огнем. Такое восприятие универсально и известно повсеместно.

С золотом ассоциировались положительные понятия, получившие этическую окраску. Вспомним смысл выражений «золотые руки», «золотое сердце», «золотой человек» или прилагательные с аналогичными значениями: красивый, красивый, прекрасный, превосходный и т. д. Такие идиомы есть во многих языках мира².

Важнейшее свойство этого металла—стойкость к коррозии, нетленность. Из самых далеких глубин истории художественные изделия из золота приходят к нам в первозданном виде.

Обилие древних золотых предметов, найденных на территории Казахстана, указывает на то, что золото здесь добывалось издавна. Древние выработки золота обнаружены в Восточном и Центральном Казахстане, Восточ-

ном Семиречье (регион Джунгарского Алатау)³. До сих пор на колоды предприятия «Алтайзолото», выбирающего золотоносные слои на берегах рек Восточного Казахстана, вместе с крупными драгоценного металла попадают заготовки бронзовых орудий, украшения, оружие золотоискателей бронзового века (II тыс. до н. э.). Вместе с тем следует отметить, что некоторые из казахстанских памятников могли быть импортными или изготавливаться из золота, получаемого в обмен при торговле с Восточным Туркестаном, Средней Азией.

В альбоме публикуются изделия мастеров древнего и средневекового Казахстана из собраний Государственного Эрмитажа*, Музея археологии Академии наук Казахской ССР и Центрального государственного музея Казахстана.

Из наиболее ранних памятников в альбоме представлены украшения андроновской культуры эпохи бронзы, свидетельствующие о зарождении ювелирного искусства на территории Казахстана еще в XVI–XIV вв. до н. э. Они немногочисленны и в основном найдены в относительно богатых захоронениях. Следовательно, можно говорить о том, что обладание золотыми вещами было показателем определенного положения в обществе. Известно, что уже у индоиранцев золотые украшения означали принадлежность к сословию (варне, пиштре) воинов-нобилей, а с возникновением ранних форм государственности — к правящему, царскому роду. Кстати говоря, индийский термин «варна» так же, как и «пиштра» означает «цвет». Знаком сословной принадлежности, кроме золотых украшений, считался и красный цвет одежды воинов. Специалисты предполагают, что такая символика существовала уже в эпоху бронзы⁴.

Среди андроновских украшений наиболее часто встречаются серьги в виде колец с сомкнутыми концами. Они изготавливались из медной проволоки. Медь плакировалась (покрывалась, обертывалась) листовым золотом, которое полировалось замшей. Прием плакировки позволял экономить драгоценный металл и применялся и позднее — в искусстве ранних кочевников.

В казахстанских погребальных комплексах встречаются и так называемые серьги с раструбом. Обычно один их конец заужен, а другой сформован в виде конического приемника—раструба. Такие серьги были широко распростра-

* Авторы выражают благодарность М. П. Завитухиной и И. П. Засецкой за содействие и помощь при фотосъемке коллекций золотых изделий из фондов Государственного Эрмитажа.

нены и встречаются не только в андроновских погребениях. Они найдены в археологических памятниках других культур эпохи бронзы Средней Азии и Сибири.

Серьги и подвески в полтора оборота, свернутые из прогнутых узких пластин, также широко представлены в андроновской культуре и могут считаться ее археологическим символом. Среди них целно золотые вещи очень редки, преобладают медные, обернутые листовым золотом. Эти серьги просты по форме и не имеют никакого декора. На некоторых золотых изделиях: обоймах (обкладках ножен), булавах, пластинах и т. д. — встречаются гравированные геометрические мотивы: меандровые орнаменты, фестоны треугольников, характерные для андроновской керамики.

Уникален золотой трубчатый браслет из богатого алакульского погребения Айбас-Дарасы (Центральный Казахстан)⁵. Сохранились две его части — толстые, слегка уплощенные трубки, свернутые из листового золота. На конце одной из них напаян литой цилиндрический раструб с гравированным узором в виде заштрихованных треугольников. На противоположном конце этого звена браслета такой же орнамент. Вторая часть браслета менее массивна и орнамента не имеет. Несомненно, что этот браслет является прототипом разъемных трубчатых гривен, позднее распространившихся в скифо-сакском мире Евразии. Примером может служить гривна из кургана Иссык.

Две серьги, найденные в 1980 году в могильнике Мыншункур в Восточном Семиречье, относятся к карасукской культуре, центральноазиатской по своему происхождению. Одна из них, плакированная листовым золотом, ничем не отличается от кольцевидных андроновских. Другая, отлитая в специальной форме, имеет крепление типа «втулка-раструб». Внутри кольца — две фигурки стоящих друг за другом коней. Изображения схематичны и стилизованы: гипертрофированная шея с гривой, разделенной на пряди, длинная морда, несколько загнутая вниз, круглые глаза. Изображения, очевидно, вырезались в мягкой каменной форме для отливки и впоследствии не подвергались ковке. Стилистически они аналогичны изображениям коней на навершии бронзового кинжала (сейминско-турбинская культура Прикамья и Приволжья карасукского происхождения), а также близки многим зооморфным изображениям карасукской культуры Забайкалья. Но, пожалуй, самые интересные параллели можно провести с памятниками из Центральной Азии, где подобные серьги или височные кольца с изображениями животных выгравированы на «оленных камнях»⁶. Подобная трактовка коней известна с III тыс.

до н. э. на Ближнем Востоке (печати типа «керкук»), где она сохранялась во II—I тыс. до н. э. (Луристан, Загрос и др.)⁷.

Серьга из Семиречья, по всей вероятности, должна датироваться, как большинство «оленных камней», досакским временем — XII–X вв. до н. э. Следует заметить, что «оленные» изображения в настоящее время найдены в Южном Казахстане (Каратау, Аксу-Джабаглы, Джунгарский Алатау). Судя по многим данным, стиль «оленных камней» из искусства эпохи бронзы перешел в искусство саков, наложив отпечаток на особенности его ранних произведений. Ближневосточные параллели этой серьги указывают направление западных связей карасукской и других близких ей культур. Семиреченская серьга—пока уникальный памятник карасукского звериного стиля, воспроизведенный в золоте. Возможно, при определении истоков скифо-сакского звериного стиля она сыграет свою роль. Мотив двух коней впоследствии проходит через всю историю искусства скифо-сакских и многих других индоиранских этносов. Он существовал и в средневековье и позднее, причем повсеместно имел солярную символику и связывался с культом божественных близнецов⁸.

Таким образом, по археологическим данным, зарождение ювелирного искусства на территории Казахстана происходит во второй половине II тыс. до н. э. Судя по высокой технике браслета из Центрального Казахстана и семиреченской серьги, оно достигло в то время значительного развития.

Сегодня уже не кажется неожиданным появление на территории Евразии блестящего искусства скифо-сибирского звериного стиля, продолжающего поражать и восхищать специалистов такими новыми открытиями, как захоронение человека в «золотой одежде» в кургане Иссык в Казахстане, пектораль из Толстой могилы на Украине, сокровища кушанских царей из Теллятепе в Афганистане.

Скифо-сибирский звериный стиль, в формировании которого на территории Азии основную роль сыграли племена саков, — ярчайшее явление в истории искусства. Многие памятники культуры саков, найденные в XVII–XIX вв. в «чуждских могилах» Западной Сибири, известны сейчас как Сибирская коллекция Петра I. Вначале они поступали в Кунсткамеру, а затем были переданы в Эрмитаж. По аналогии с атрибутированными и датированными предметами прикладного искусства они определяются как памятники искусства ранних кочевников. Под этим собирательным термином имеются в виду не только саки, но юечжи, савроматы, усунь, хунну, сарматы.

Политическая стабильность сакских, савроматских и скифских конфедераций в VII–III вв. до н. э. обусловила расцвет скифо-сибирского звериного стиля. Триада зооморфных образов (птица — копытное животное — хищник), которой оперировали уже раннесакские художники, отражала идеи тождества мира (космоса) и общества.

Раннее искусство саков представлено в основном бронзовыми изделиями, найденными в казахстанских курганах Тагискен, Уйгарак, Биже, Аржан. Они демонстрируют тесные связи с торевтикой Луристана, памятниками карасукской и тагарской культур, а также в некотором отношении с досакским пластом петроглифов Семиречья, Алтая и Монголии. Это по преимуществу литые вещи, значительно отличающиеся от силуэтных или низкорельефных из золота.

Интересны обоймы-обкладки ножен из Центрального Казахстана с отбитым с матрицы изображением четырех пантер. Стилистически они сближаются с рядом других изображений пантер на памятниках, найденных на территории от Китая и Монголии до Причерноморья. На обкладке у пантер сжатое в клубок тело, гипертрофированная голова с круглыми глазом и ухом, лапы и хвост заканчиваются колечками. В целом контуры округлые. Эти обоймы-обкладки можно датировать VI–V вв. до н. э.

Большой комплекс золотых украшений обнаружен С. Черниковым при раскопках богатых курганов VII–VI вв. до н. э. в Чиликтинской долине (Восточный Казахстан). В основном это элементы декора одежды и оружия⁹. В большинстве своем чиликтинские находки — это золотые аппликации, мастерски вырезанные из фольги (кабаны «на пуантах», ромбовидные бляшки). Они наклеивались на ткань или дерево. Кабаны разных размеров, но трактованы совершенно одинаково. Абрис предельно лаконичен. Эти изображения напоминают некоторые граффити на скалах и даже палеолитические росписи. Каплевидный глаз и треугольный клык переданы прорезями. «Тиражирование» в Чиликте показывает существование в то время устоявшихся максимально выразительных образов и орнаментальных мотивов.

Замечательны рельефные бляшки в виде лежащего оленя. Они также наклеивались на ткань или кожу, так как не имеют отверстий для пришивания. Интересно, что уши оленей сделаны отдельно и инкрустированы камнем или пастой. В Чиликте уже наблюдается стремление к полихромности. По трактовке рогов эти олени перекликаются с изображениями на «оленных камнях». Образ благородного оленя известен по памятникам эпохи неолита народов